Түркістан облысы Кентау қаласының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2025 жыл және 2026 жылдың 1-тоқсанына жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Кентау қаласы **26.06.2026 жыл**

Талдаудың негізі:

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабы 5-тармағына, «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65-бабына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және Облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары А.Тоғызбаевтың 2026 жылғы 04 мамырдағы №12/4919 хатына сәйкес, Кентау қаласы әкімінің 05 мамырдағы жылғы №143 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» өкімі негізінде жүргізілді.

Талданатын объект туралы мәлімет:

1. «Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі» ММ
2. «Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
3. «Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ
4. «Кентау қалалық ішкі саясат бөлімі» ММ
5. «Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ
6. «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ
7. «Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ
8. «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ
9. «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ
10. Ауыл әкімі аппараттары

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу мерзімі: 2025 жылғы 14 мамыр – 26 маусым.

Талдау қамту кезеңі: 2025 жыл мен 2026 жылдың 26 маусым.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі»

Талдау жүргізілген кезеңде Кентау қаласы әкімдігінің «Құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарға жіберу тәртібінде бірқатар рәсімдік сәйкессіздіктер орын алғаны анықталды.

1. Атап айтқанда, 2025 жылғы 15 мамырдағы №26 бұйрық негізінде бөлімнің тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспекторы Б.Амангелді, 2025 жылдың 15-16 мамыр аралығында **қызметтік қажеттілікке** байланысты іссапарға жіберілген.

Алайда, талдау нәтижесінде қызметкерлерді іссапарға жіберу кезінде іссапардың мақсаты мен қажеттілігін растайтын тиісті негіздеме құжаттарының болмауы фактілері анықталды. Бұл ретте, негіздемесіз іссапарға жіберу жағдайлары жүйелі түрде орын алған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 01 маусымдағы №31 бұйрық;
- 2025 жылғы 27 тамыздағы №47 бұйрық;
- 2025 жылғы 06 қазандағы №56 бұйрық;
- 2026 жылғы 05 қаңтардаңы №1 бұйрық;
- 2026 жылғы 13 қаңтардағы №2 бұйрық;
- 2026 жылғы 13 сәуірдегі №4 бұйрық.

Яғни, нақты қызметтік қажеттіліксіз, мақсаттары мен нәтижелері құжатпен расталмай, негіздеме құжаттарынсыз,бюджет қаражаты есебінен жүйелі түрде жіберілген. Бұл бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, бақылаудың жеткіліксіздігі және лауазымды тұлғалардың өз қалауынша шешім қабылдау мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін қалыптастырады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы 2001 жылғы 29 тамыз №1127 санды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 3 бөлігіне сәйкес, Сыйлық беру шарттары көрсетілген.

2001 жылғы 29 тамыз №1127 санды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 4 бөлігіне сәйкес оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде сыйақы берілмейді делінген.

2. Алайда,бөлімнің сектор меңгерушісі Н.Сұлтанмұраттың 03.02.2025 жылғы №5 бұйрығымен «сөгіс», 13.02.2025 жылғы №14 бұйрығымен «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік шаралары бола тұра, 23.06.2026 жылы №33 бұйрықпен біржолғы 197 000 теңге ақшалай сыйақы берілген.

Осы сипаттағы сәйкессіздік қайта орын алған.

Яғни, бөлімнің бас маманы А.Әбентаеваның 28.07.2025 жылғы №42 бұйрығымен «ескерту», бөлімнің күзетшісі Б.Салайдиновтің 24.09.2026 жылғы №50 бұйрығымен «ескерту» және 14.10.2025 жылғы №60 бұйрығымен «сөгіс», бөлімнің тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспекторы Ж.Нұрханның 26.09.2025 жылғы №51 бұйрығымен «қатаң сөгіс», бөлімнің бас маманы Н.Патсаевтың 02.10.2025 жылғы №55 бұйрығымен «ескерту» түріндегі тәртіптік шаралары бола тұра, 15.12.2025 жылғы жылы №70 бұйрықпен аталған қызметкерлерге біржолғы 100 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы берілген.

Осылайша, тәртіптік жазалары алынбаған қызметкерлерге сыйлықақы төлеу фактілері анықталды, бұл Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысымен бекітілген Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді.

Аталған жағдайлар сыйлықақы тағайындау кезінде нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына бақылаудың жеткіліксіздігін және сыйлықақы беру рәсімінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін жағдайлардың бар екенін көрсетеді.

3. Талдау барысында бөлімнің бас маманы Г.Камаловаға бірнеше кезеңде қатарынан уақытша болмаған қызметкерлердің және бос лауазымдардың міндеттері жүктелгені анықталды.

Атап айтқанда, 04.02.2025 жылғы №2 бұйрықпен сектор меңгерушісі Н.Сұлтанмұраттың еңбек демалысы кезеңінде оның міндеттері 50% мөлшеріндегі қосымша ақымен Г.Камаловаға жүктелген. Кейін 14.05.2025 жылғы №12 бұйрықпен бас маман М.Қожагелдиевтің жалақысы сақталмайтын демалысқа шығуына байланысты оның міндеттері 80% мөлшеріндегі қосымша ақымен Г.Камаловаға жүктелген. Сонымен қатар, 01.07.2025 жылғы №17 бұйрықпен сектор меңгерушісі Н.Сұлтанмұраттың жұмыстан босатылуына байланысты аталған лауазымның міндеттері де 80% мөлшеріндегі қосымша ақымен Г.Камаловаға жүктелген.

Нәтижесінде белгілі бір кезеңдерде бір қызметкерге бірнеше лауазымның функцияларын қатар атқару жүктелген. Бұл өз кезегінде қызметтік өкілеттіктердің шоғырлануына, қызметтік міндеттердің жеткілікті деңгейде бөлінбеуіне, ішкі бақылау рәсімдерінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Лауазымды тұлғалардың өз қалауынша шешім қабылдау

мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін қалыптастырады.

4. ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, Түркістан облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру бөлімімен тапсырыс беру үшін «Түркістан облысы, Кентау қаласы Ш.Уәлиханов көшесінде 5-қабатты 60-пәтерлі №150 тұрғын үйлерінің құрылысы. (қайта түзеу)» нысаны бойынша рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде, «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ мен мердігер «Іргетас-Құрылыс-II» ЖШС арасында 04 қыркүйек 2023 жылы №19 келісім-шарт түзілген.

«Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ тарапынан жоғарыда аталған серіктестікті «Түркістан облысы, Кентау қаласы Ш.Уәлиханов көшесінде 5-қабатты 60-пәтерлі №150 тұрғын үйлерінің құрылысы. (қайта түзеу)» нысаны бойынша өз міндеттемелерін орындамаған үшін, бекітілген өндірістік кестеден әрбір кешіккен күніне 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыппұлын өндіруге және мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арыз жолданған.

Алайда, Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.11.2025 жылғы №5165-25-00-2/2199 шешімімен талап арыз қанағаттандырудан бас тартылған. Сотпен қанағаттандырудан бас тартылудың негізгі себебі, тапсырыс беруші «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ тарапынан сотқа беруге белгіленген 30 күндік мерзім сақталмай, яғни 7 күнге кешіктіріліп талап арыз берілген.

ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағы 4)тармақшасының талабына сәйкес, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған **күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей**, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ тарапынан Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.11.2025 жылғы №5165-25-00-2/2199 шешіміне апелляциялық шағым берілгенімен, Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 14.01.2026 жылғы №2а-1925 қаулысымен шағым қанағаттандырусыз, сот шешімі өзгеріссіз қалдырылған.

Жоғарыдағы мән-жайларға сәйкес, бөлім басшысы тарапынан тиісті деңгейде қадағалау болмауынан және мемлекеттік сатып алулар

бойынша жауапты қызметкердің немқұрайлығы салдарынан, заңда белгіленген сотқа талап арыз беру мерзімі сақталмай, сотта ұтылып, мердігердің тиісті жауапкершіктен, яғни жосықсыз қатысушы танылудан құтылуына жол беріліп отыр.

Ішкі талдау нәтижесінде «Кентау қалалық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ тарапынан Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңында белгіленген сотқа талап қою мерзімі сақталмағаны анықталды. Соның салдарынан сот талап арызды қанағаттандырудан бас тартып, мердігерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану мүмкіндігі жоғалған. Аталған жағдай талап қою мерзімдерінің сақталуына тиісті бақылаудың жеткіліксіз болғанын көрсетеді.

Ұсыныс: Мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төлеу кезінде «Сыйақы төлеу қағидаларының» талаптарын сақтау бойынша бөлім қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстары жүргізу.

- Бұдан былай сыйақы төлеу туралы әрбір бұйрық нақты еңбек көрсеткіштері мен жазбаша ұсынысқа негізделіп қабылдануы тиіс.
- Болашақта мұндай олқылықтарды болдырмау мақсатында қызметкерлерге әкімшілік рәсімдер мен мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
- Кемшілікке жол берген жауапты лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау.
- Мемлекеттік сатып алу бойынша сотқа талап қою мерзімдерінің сақталуына тұрақты бақылау орнату, жауапты қызметкерлерге мерзімдерді сақтау бойынша нақты міндеттер жүктеу және осындай бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу жөнінде ұйымдастырушылық шаралар қабылдау ұсынылады.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі»

Талдау жүргізілген кезеңде Кентау қаласы әкімдігінің «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарға жіберу тәртібінде бірқатар рәсімдік сәйкессіздіктер орын алғаны анықталды.

1. Атап айтқанда, 2025 жылғы 23 қаңтардағы №1-і бұйрық негізінде бөлімнің инспекторы мен статист Д.Азизбаева 23 қаңтарынан бастап 2 күнге іссапарға жіберілген. Алайда, семинарға шақыру хатында Түркістан облысы кәсіпкерлік және өнер- оқыту семинары кәсіпкерлік басқармасының 2025 жылғы 22 қаңтардағы **№27/161** ресми хатында семинар **тек 23 қаңтар күні сағат 11:00-де** өтетіні көрсетілген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 22 сәуірдегі №8-і бұйрық;

- 2025 жылғы 24 сәуірдегі №9-і бұйрық;
- 2025 жылғы 28 қазандағы №17-і бұйрық;
- 2026 жылғы 26 наурыздағы №8-і бұйрық;

Аталған бұйрықтармен іссапар мерзімі іс-шара нақты өткізілген бір күнге ғана белгіленгеніне қарамастан, **екі күн** етіп бекітілген.

Бұл бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану, бақылаудың жеткіліксіздігі және лауазымды тұлғалардың өз қалауынша шешім қабылдау мүмкіндігіне байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелін қалыптастырады.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 77-бабы 1-тармағына сәйкес, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға жұмыскерді оның жазбаша келісімімен ғана тартуға жол беріледі.

Алайда, 2025 жылғы 03 наурыздағы №23 ж/қ бұйрығымен бөлімнің еден жуушысы Ш.Исмаиловаға оның жазбаша келісімі алынбастан қосымша міндеттер жүктелгені анықталды.

Сонымен қатар, аталған бұйрықтың преамбуласында міндеттерді жүктеу және қосымша ақы төлеу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сілтеме жасалмаған, сондай-ақ бұйрықтың құқықтық негіздемесі толық көрсетілмеген.

Осыған байланысты, бұйрықты рәсімдеу кезінде еңбек заңнамасы талаптарының сақталуына қатысты тәуекелдер орын алуы мүмкін.

3. Талдау барысында бөлімнің 2025 жылғы 10 маусымдағы №57 ж/қ бұйрығымен Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 38-бабына сәйкес бөлімнің бос тұрған бас маман лауазымының міндеттері бөлімнің бас маманы А.Сүлейменовке уақытша жүктелгені анықталды.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің аталған міндеттерді орындауға келісім бергенін растайтын құжаттар анықталмады.

Нәтижесінде, міндеттерді уақытша жүктеу рәсімін құжаттамалық ресімдеудің толықтығы қамтамасыз етілмеген.

4. Бөлімнің 04.07.2025 жылғы №67 ж/қ бұйрығына сәйкес, бөлімнің мемлекеттік қызметшілеріне «Астана күні» мерекесіне орай 650 000 теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйақы берілген. Алайда, мұндай шешімнің негізділігі құжаттармен расталмаған. Яғни сыйақы берілген қызметшілердің тізімі жасақталмаған.

Ұсыныс: Іссапарға негіз болатын шақырту хаттарындағы нақты күндер мен уақытты ескеріп, іссапар ұзақтығын құжаттық дәлелдерге сәйкестендіруді міндеттеумен қатар, мемлекеттік бюджет қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану қағидаттарын сақтау мақсатында іссапар рәсімдерін бақылауды күшейту.

Бұйрықтарды рәсімдеу кезінде еңбек заңнамасы талаптарын қатаң сақтау.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық«Кентау қалалық экономика және қаржы бөлімі»

1. Талдау барысында бөлімнің 2025 жылғы 29 шілдедегі №88-н бұйрығына сәйкес бөлімнің тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспекторы М.Жаңатаеваға үш жасқа дейінгі баласының болуына байланысты толық емес жұмыс уақыты белгіленгені анықталды. Алайда бұйрықта жұмыс уақыты күнделікті жұмыс күндері сағат 18:00-ден 19:00-ге дейін деп көрсетілген, яғни күніне бар-жоғы 1 сағат жұмыс уақыты белгіленген. Осыған байланысты бұйрықтың рәсімделуінде сәйкессіздік орын алған. Аталған сәйкессіздік 2025 жылғы 30 шілдедегі №89-н бұйрықта да қайталанған.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 111-бабының 3-тармағына сәйкес, қосымша жұмысты орындау жұмыскердің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады. Алайда 2025 жылғы 8 қыркүйектегі №111-н ж/қ бұйрығымен бөлімнің тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспекторы М.Жаңатаеваға оның жазбаша келісімі алынбастан қосымша міндеттер жүктелгені анықталды. Аталған сәйкессіздік 2025 жылғы 29 қыркүйектегі №119-н, 2025 жылғы 06 қазандағы №122-н бұйрықтарында қайталанған.

3. Қалалық коммуналдық мүліктің есепке алынуын және шығарылуын қамтамасыз ету бөлім қызметкерлерінің өзге заңды тұлғалармен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен тікелей байланысы болу ықтималы болғандықтан, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелі болуы мүмкін.

Мысалы, ғимарат немесе басқа мүліктерді сатып алу сатысында бағасын жасанды жоғары қойып, және коммуналдық мүлікті есептен шығару кезегінде қызметкерлер арасында сөз байласуы мүмкін.

4. Жекешелендіру және мүлікті жалға беру, қалалық коммуналдық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен меншігіне өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлікпен басқаруға беру жөніндегі жұмыстарды мамандар өзге заңды тұлғалармен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен тікелей байланысы болу ықтималы болғандықтан, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелі болуы мүмкін. Себебі, бөлім қызметкерлерінің жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалармен тікелей байланысына әкеледі. Мысалы, жалға алушының мүлікті заңсыз қолдануы. (*келісімшарттың мерзімі аяқталуы*) Сенімгерлік басқарушыдан келісім шарт талаптарын толық орындалуын талап ету, орындалмауына жол бермеу.

5. Кентау қаласы әкімдігіне қарасты бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен жұмыс жүргізу барысында қаржыларды игеру және

қаржыландыру жоспарына тиісті өзгерістер енгізу мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың туындау ықтималдығы жоғары.

6. Кентау қаласы әкімдігіне қарасты бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен жұмыс жүргізу барысында қаржыларды игеру және қаржыландыру жоспарына тиісті өзгерістер енгізу мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлықтың туындау ықтималдығы жоғары.

Ұсыныс: Заңды және жеке тұлғалардан, сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалардан заң және келісімшарт талаптарын қатаң ұстану қажет, толық орындалуын талап ету, орындалмауына жол бермеу. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 27 маусымдағы №328 бұйрығының талаптарын сақтау.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі»

1. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 111-бабына сәйкес басқа қызметкердің міндеттерін уақытша атқару (қоса атқару) қызметкердің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

Бөлімнің 2026 жылғы 5 қаңтардағы №01 ж/қ бұйрығымен бөлім кеңесшісі А.Рысбалаевтың жалақысы сақталмайтын демалыста болуына байланысты оның міндеттерін уақытша атқару бөлім кеңесшісі Н.Мұханға жүктелген.

Талдау барысында А.Рысбалаевтың жалақысы сақталмайтын демалысқа шығуына негіз болған өтініші мен тиісті бұйрық рәсімделмегені анықталды. Осыған байланысты міндеттерді уақытша жүктеудің негізділігін растау мүмкін болмады. Яғни өтініші тіркелмеген.

Сонымен қатар, Н.Мұханның аталған міндеттерді уақытша атқаруға берген жазбаша келісімі ұсынылмаған.

Сондай-ақ, бұйрық шығаруға негіз болған ұсыныс хатта бөлімнің сектор меңгерушісінің қолы жоқ екені анықталды.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2026 жылғы 2 ақпандағы №07 ж/қ бұйрық;
- 2026 жылғы 17 ақпандағы №14 ж/қ бұйрық.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 77-бабының 1-тармағына сәйкес үстеме жұмысқа тарту қызметкердің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

2. 1.001 бағдарламасы бойынша, 2025 жылдың наурыз айында Кентау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандарына іс-сапар шығындарына 52 814 теңге артық аударылған. Атап айтсақ, бөлімнің бас маман есепшісі Ж.У.Темирбаевқа 32 456 теңге және бөлімнің кеңесшісі А.К.Рысбалаевқа 20 358 тенге (төлем шоты №451513/25-520 31 наурыз 2025ж., №451513/25-1951 20 тамыз 2025ж.).

3. Бөлімнің іс-сапар бұйрықтары ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларына» сәйкес дұрыс рәсімделмеген, яғни бұйрықтардың нысанасы үлгілік нысанаға сәйкес келмейді, тәулік ақы, тұрғын үй жалдау күні көрсетілмеген.

Ұсыныс:

- Алдағы уақытта мұндай кемшіліктерді болдырмау үшін салаға қатысты нормативтік актілер мен қолданыстағы заң талаптарына енген өзгерістер мен толықтыруларды тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Аталған сәйкессіздіктерді жою және алдағы уақытта олардың қайталануына жол бермеу мақсатында кадрлық және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды рәсімдеу тәртібін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестендіру қажет.

- Негізсіз артық аударылған қаржы іс-сапар шығындары 52 814 теңге бюджетке толығымен қайтару жұмыстары жүргізілсін.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі»

1. 2026 жылғы 12 наурыздағы №3 іссапар туралы бұйрыққа сәйкес, Л.Азизбаева Түркістан қаласына 2 күн мерзімге іссапарға жіберілген.

Талдау барысында аталған бұйрыққа негіз болған іссапардың мақсаты мен қажеттілігін растайтын құжаттар ұсынылмағаны анықталды. Осындай сипаттағы сәйкессіздіктер аталған қызметкерге қатысты өзге де бұйрықтарда орын алған.

Осылайша, іссапарларды құжаттамалық рәсімдеудің талапқа сай жүргізілмеуі жұмыс уақытын және еңбек демалысы күндерін есепке алу кезінде қателіктерге жол берілуіне, сондай-ақ бюджет қаражатының негізді жұмсалуын растауда тәуекелдердің туындауына алып келуі мүмкін.

2. 2025 жылғы 10 ақпандағы №3 жеке құрам бойынша бұйрықпен Кентау қалалық жер қатынастары бөлімінің мұрағатшысы Б.Н.Бекбайға қоса атқарған міндеттері үшін лауазымдық айлықақысының 30 пайызы мөлшерінде қосымша ақы белгіленген.

Талдау барысында бұйрықтың негіздемесінде сектор меңгерушісі А.Шамановтың қызметтік хаты көрсетілгенімен, іс материалдарында бас маман К. Ералиевтың ұсынысы тіркелгені анықталды.

Сонымен қатар, бұйрық негіздемесінде Б.Н.Бекбайдың келісімі бар екендігі көрсетілгенімен, ұсынылған құжаттарда қызметкердің қол қойылған жазбаша келісімі болмаған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да анықталды:

- 27.03.2025 жылғы №8 бұйрық;

- 25.06.2025 жылғы №17 бұйрық.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 77-бабының 1-тармағына сәйкес, осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Осылайша, кадрлық рәсімдерді құжаттамалық ресімдеудегі аталған сәйкессіздіктер еңбек қатынастарын жүргізудің дұрыстығына, төлемдерді есептеу мен төлеудің негізділігіне қатысты тәуекелдердің туындауына алып келуі мүмкін.

3. Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға міндетті.

Алайда, Кентау қалалық жер қатынастары бөлімі орналасқан ғимаратта мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары **толық орналастырылмаған.**

Көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процесстерін сақтау

Профилактикалық бақылау нәтижесінде Бөлімде көрсетілетін қызметті берушімен мемлекеттік қызметті көрсету бизнес-процесстерінің бұзу бойынша **1 дерек анықталды**.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы, 3-қосымшасының «Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсету қағидасының 2-тарау, 6-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, құжаттарды қабылдауды және тіркеуді өтінішті қабылдаған күні жүзеге асырады делінген.

Алайда, Бөлім қызмет алушылардың өтініштерін тиісті мерзімде тіркемегендіктері анықталды.

Атап айтқанда, *KZ50RBD03725934* санды өтініштерінде орын алған.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың толық орналастырылмауы мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін төмендетіп, қызмет алушылардың құқықтарының бұзылуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал етеді.

Ұсыныс:Іссапарға негіз болатын шақырту хаттарындағы нақты күндер мен уақытты ескеріп, іссапар ұзақтығын құжаттық дәлелдерге сәйкестендіруді міндеттеумен қатар, мемлекеттік бюджет қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану қағидаттарын сақтау мақсатында іссапар рәсімдерін бақылауды күшейту.

- Бұйрықтарды рәсімдеу кезінде еңбек заңнамасы талаптарын қатаң сақтау;

- Қызмет алушылар тарапынан келіп түскен өтініштерді Қағида талаптарына сәйкес келіп түскен күні тіркеу;

- Бөлім орналасқан ғимаратта мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын толығымен орналастыру;

- Жұмыс барысында мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасын қатаң сақтау.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Кентау қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі»

1. ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында ҚР Еңбек кодексінің 55 бабының 2 тармағында «Жұмыскердің жазбаша өтініші және басқа заңды тұлғаның жұмысқа қабылдауға келісуі туралы жазбаша растамасы еңбек шартын тоқтату үшін негіздер болып табылады. Еңбек шартын тоқтату күні тараптардың келісімі бойынша айқындалады.» деп көрсетілген.

Алайда, бөлімнің 2025 жылғы 31 қаңтардағы №10 ж/қ бұйрығымен спорт нұсқаушысы Б.Самиевты жұмыстан босатқан. Бұйрықтың негіздемесі Б.Самиевтың өтініші тіркелмеген.

2. 2025 жылғы 13 ақпандағы №19 ж/қ бұйрығымен 2024 жылдың қорытындысы бойынша статистик К.Карамбетоваға және Ю.Юлдашеваға 1 лауазымдық жалақы көлемінде сыйақы берілген. Алайда, бұйрықта негіздеме қоса берілмеген.

3. ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.» деп көрсетілген. Алайда, 17.06.2025 жылғы №44 ж/қ бұйрығымен кітапханалар жүйесінің директорының міндетін атқарушы Б.Жаксылыкованың келісімінсіз міндет жүктелген. Сонымен қатар, бұйрықтың */преамбуласында/* мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 24.06.2025 жылғы №46-ж/қ;
- 01.07.2025 жылғы №52 ж/қ;
- 04.08.2025 жылғы №67 ж/қ;
- 14.08.2025 жылғы №69 ж/қ;
- 22.12.2025 жылғы №101 ж/қ;
- 30.12.2025 жылғы №107 ж/қ бұйрықтары.

4. ҚР Еңбек кодексінің 95 бабының 1 тармағында «Жұмыс беруші өндірістік қажеттілік жағдайында жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана үзуі мүмкін.» деп көрсетілген. Алайда, 30.06.2025 жылғы №48 ж/қ бұйрығымен «Кентау спорт клубы» мекемесінің директорының орынбасары Т.Жаулыбаевты жазбаша келісімінсіз еңбек дамалысынан шақыртылған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 04.07.2025 жылғы №54-ж/қ бұйрық;
- 11.07.2025 жылғы №59 ж/қ бұйрық;
- 24.09.2025 жылғы №81 ж/қ бұйрық.

5. Кентау спорт клубының директоры Б.Советке еңбек демалысын беріп, директордың міндетін уақытша директордың орынбасары Т.Жаулыбаевқа 50 пайыз үстеме ақы төлеу туралы 30.06.2025 жылғы №49 ж/қ бұйрығы қабылданған. Бұйрықтардың */преамбуласында/* мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған.

Сонымен қатар, Т.Жаулыбаевқа жазбаша келісімінсіз міндет жүктеген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 08.07.2025 жылғы №57-ж/қ бұйрығы;
- 27.01.2026 жылғы №9 ж/қ бұйрығы;

Ұсыныс: Кадрлық іс жүргізу мен ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды рәсімдеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау және ішкі бақылауды күшейту қажет.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдар бөлімі»

1. ҚР Еңбек кодексінің 95 бабының 1 тармағында «Жұмыс беруші өндірістік қажеттілік жағдайында жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана үзуі мүмкін.» деп көрсетілген. Алайда, 11.07.2025 жылғы №18 бұйрығымен бөлімнің еден жуушысы А.Богутдинованың жазбаша келісімінсіз еңбек дамалысынан шақыртылған.

2. ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.» деп көрсетілген. Алайда, 28.03.2025 жылғы №5 бұйрығымен сектор меңгерушісі А.Оралбекті келісімінсіз міндет жүктелген. Сонымен қатар, бұйрықтың /преамбуласында/ мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 24.04.2025 жылғы №09;
- 21.05.2025 жылғы №13;
- 31.07.2025 жылғы №23;

- 15.08.2025 жылғы №24.

Ұсыныс: Қызметкерлерді еңбек демалысынан кері шақырту, қосымша міндеттер жүктеу және қосымша ақы белгілеу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес қызметкерлердің жазбаша келісімдерін алу және бұйрықтардың негіздеме бөлігінде қолданылатын нормативтік құқықтық актілерді толық көрсету қамтамасыз етілсін.

Кентау қаласы әкімдігінің Кентау қалалық «Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі»

1. Талдау барысында Кентау қаласы әкімдігінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-де 2025 және 2026 жылдардағы іссапарларға байланысты бұйрықтармен жауапты қызметкерлердің таныстырылмағаны анықталды.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 77-бабының 1-тармағына және 111-бабының 3-тармағына сәйкес үстеме жұмысқа тарту, уақытша міндеттерді жүктеу және еңбек демалысынан кері шақыру қызметкердің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Алайда зерделенген 2025-2026 жылдардағы бұйрықтар бойынша қызметкерлердің жазбаша келісімдері ұсынылмаған. Бұл жағдай жүйелі түрде орын алуда.

2. Бөлім басшысының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №164 бұйрығымен «16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай үнемделген қаржы есебінен «Жасыл қала» КММ қызметкерлеріне сыйлықақы төлеу көзделген.

Алайда бұйрыққа негіз болған комиссия отырысының хаттамасы және сыйлықақы алушылардың тізімі анықталмады.

Ұсыныс: Қызметкерлерді іссапарға жіберу, үстеме жұмысқа тарту, уақытша міндеттерді жүктеу және еңбек демалысынан кері шақыру кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес қызметкерлердің жазбаша келісімдерін алу және бұйрықтармен қол қойғызып таныстыру қамтамасыз ету. Кадрлық іс жүргізу құжаттарының заңнама талаптарына сәйкестігіне ішкі бақылау күшейтілсін және жауапты қызметкерлерге түсіндіру жұмыстары жүргізу.

Кентау қаласы Ащысай ауылы әкімі аппараты

Талдау жүргізілген кезеңде, ауыл әкімі аппаратының қызметкерлерін үстеме жұмыстарға тарту тәртібінде рәсімдік сәйкессіздіктер орын алғаны анықталды.

1. ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға

тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.» деп көрсетілген талаптар бұзылған.

Атап айтқанда, 2025 жылғы 06 қаңтардағы №4 өкім негізінде Ащысай ауылы әкімі аппаратының бас маманы Т.Есалыға бос орынның міндеті жүктеліп, 50 пайыз үстемеақы төленген. Бұйрықта бас маманы Т.Есалының келісімі негізге алынып тігілмеген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 06 қаңтардағы №5 өкім;
- 2025 жылғы 24 ақпандағы №28 өкім;
- 2025 жылғы 07 наурыздағы №34 өкім;
- 2025 жылғы 03 шілдедегі №75 өкім;
- 2025 жылғы 19 тамыздағы №88 өкім;
- 2025 жылғы 04 қыркүйектегі №97 өкім;
- 2025 жылғы 05 қаңтардағы №3 өкім.

2. Ащысай ауылы Құлымбетов көшесіндегі саябақтың қарауылдары Б.Темурбаевқа еңбек демалысын беріп, қарауылдар А.Жанакбаевқа, Т.Қожамжаровқа, С.Жундибаевқа әр қайсысына 30 пайыз үстеме ақы төлеу туралы 27.04.2026 жылғы № 42 өкімі қабылданған. Бұйрықтардың /преамбуласында/ мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нарматив тік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған, қарауылдардың келісімінсіз міндет жүктеген.

Ұсыныс: Жауапты лауазымды тұлғаларға еңбек заңнамасы және құжат айналымы талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Кентау қаласы Байылдыр ауылы әкімі аппараты

1. Талдау жүргізілген кезеңде, ауыл әкімі аппаратының ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.» деп көрсетілген талаптар бұзылғаны анықталды.

Атап айтқанда, 2025 жылғы 05 қаңтарындағы №1-н өкім негізінде Байылдыр ауылы әкімі аппаратының хатшы Г.Өтебаева мен қарауыл Ф.Оспановқа жұмыс көлемінің ұлғайуына байланысты қызметкерлердің жазбаша келісімінсіз 0,25 бірлік әрқайсысына жүктелген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 17 сәуірдегі №13-н өкім;
- 2025 жылғы 12 мамырдағы №19-н өкім;
- 2025 жылғы 02 маусымдағы №22-н өкім;
- 2025 жылғы 10 шілдедегі №27-н өкім.

2. Сонымен қатар, Байылдыр ауылы әкімі аппаратының бас маманы М.Шамсутдиновқа еңбек демалысын беріп, бас маман А.Назарға 30 пайыз үстеме ақы төлеу туралы 01.08.2026 жылғы №30-н өкімі қабылданған. Бұйрықтың /преамбуласында/ мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нарматитвік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған, А.Назардың келісімінсіз міндет жүктеген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 02 қыркүйектегі №37-н өкім;
- 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №39-н өкім;
- 2025 жылғы 07 қарашадағы №54-н өкім.

3. «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы»2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сай, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға міндетті.

Көрсетілетін қызметті алушылардың орналасу жерлерінде және мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметтердің стандарттарында көзделген қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандарының үлгілерінің бар болуы делінген.

Алайда, ауыл әкімі аппаратымен көрсетілетін қызметті алушыларға «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы №227 бұйрығының мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын мәліметтер толық орналастырылмаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың толық орналастырылмауы мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін төмендетіп, қызмет алушылардың құқықтарының бұзылуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал етеді.

Ұсыныс: Қызметкерлерге қосымша міндеттер жүктеу және үстеме ақы төлеу кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарының сақталуы, қызметкерлердің жазбаша келісімдерінің алынуы және өкімдердің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес рәсімделуін қатаң сақтау.

- Қызмет алушылар тарапынан келіп түскен өтініштерді Қағида талаптарына сәйкес келіп түскен күні тіркеу;
- Ауыл әкімі аппараты орналасқан ғимаратта мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын толығымен орналастыру.

- Жұмыс барысында мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасын қатаң сақтау:

Кентау қаласы Қарнақ ауылы әкімі аппараты

1. ҚР Еңбек кодексінің 95 бабының 1 тармағында «Жұмыс беруші өндірістік қажеттілік жағдайында жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана үзуі мүмкін.» деп көрсетілген. Алайда, 05 қаңтар 2025 жылғы №1 өкімімен Қарнақ ауылы әкімі аппаратының статисті М.Хасанбаев жазбаша келісімінсіз еңбек дамалысынан шақыртылған.

- 2025 жылғы 16 мамырдағы №57 өкім;
- 2025 жылғы 30 мамырдағы №62 өкім;

2. Талдау жүргізілген кезеңде, ауыл әкімі аппаратының ҚР Еңбек кодексінің 77 бабының 1 тармағында «Осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.» деп көрсетілген талаптар бұзылғаны анықталды.

Атап айтқанда, 2025 жылғы 05 қаңтарындағы №4-н өкім негізінде Қарнақ ауылы әкімі аппаратының бөлімше басшысы И.Юсуповтың келісімінсіз жұмыс көлемінің ұлғайуына байланысты 50 пайыз үстеме ақы төлеп жүктелген.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 10 қаңтардағы №5-н өкім;
- 2025 жылғы 5 қаңтардағы №12 өкім;
- 2025 жылғы 28 қаңтардағы №13 өкім;
- 2025 жылғы 07 ақпандағы №20 өкім;
- 2025 жылғы 18 наурыздағы №36 өкім;
- 2025 жылғы 04 сәуірдегі №44 өкім;
- 2025 жылғы 02 қыркүйектегі №117 өкім;

Сонымен қатар, Қарнақ ауылы әкімі аппаратының күзетшісі Н.Насимовқа еңбек демалысын беріп, күзетшілер Н.Ташханов пен Ш.Аседовқа келісімсіз міндет жүктеп 50 пайыз үстеме ақы төлеу туралы 04.03.2026 жылғы № 30 өкімі қабылданған. Бұйрықтың /преамбуласында/ мазмұнында міндет жүктеу мен қосымша ақы төлеу бойынша нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын негіздемеге алмаған.

Осы сипаттағы рәсімдік сәйкессіздіктер келесі бұйрықтарда да қайталанған:

- 2025 жылғы 03 наурыздағы №33 өкім;
- 2025 жылғы 08 шілдедегі №84 өкім;
- 2025 жылғы 19 тамыздағы №112 өкім;

3. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы беру, материалдық көмек

көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу, сондай-ақ мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге бонустар төлеу қағидаларын бекіту туралы 2001 жылғы 29 тамыз №1127 санды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 3 бөлігіне сәйкес, Сыйлық беру шарттары көрсетілген.

2001 жылғы 29 тамыз №1127 санды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының 4 бөлігіне сәйкес оның алынбаған тәртіптік жазасы болған кезде сыйақы берілмейді делінген.

Алайда, Қарнақ ауыл әкімі аппаратының статисті Қ.Ахметовке 21 мамыр 2025 жылғы №60 өкімімен «Ескерту» тәртіптік шарасы бола тұра, 10 қараша 2025 жылы №148 өкіммен 6 ай мерзім өтпей тұрып қайта «Ескерту» тәртіптік шара бірілген. Тәртіптік шарасы бола тұра, 15 желтоқсан 2025 жылғы №164 өкімімен Қ.Ахметовке 126 263,84 теңге сыйақы тағайындалған.

4. «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы»2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сай, көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда толық және анық ақпарат ұсынуға міндетті.

Көрсетілетін қызметті алушылардың орналасу жерлерінде және мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызметтердің стандарттарында көзделген қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандарының үлгілерінің бар болуы делінген.

Алайда, ауыл әкімі аппаратымен көрсетілетін қызметті алушыларға «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығы және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы №227 бұйрығының мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын мәліметтер толық орналастырылмаған.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпараттың толық орналастырылмауы мемлекеттік қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін төмендетіп, қызмет алушылардың құқықтарының бұзылуына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал етеді.

Ұсыныс: Мемлекеттік қызметшілерге сыйақы төлеу кезінде «Сыйақы төлеу қағидаларының» талаптарын сақтау бойынша бөлім қызметкерлеріне түсіндіру жұмыстары жүргізу.

- Бұдан былай сыйақы төлеу туралы әрбір бұйрық нақты еңбек көрсеткіштері мен жазбаша ұсынысқа негізделіп қабылдануы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізген:

1. Б.Жорабеков _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының басшысы; жұмыс тобының төрағасы;

2. С.Құрықбаев _____ Кентау әкімі аппаратының заң мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімшесінің басшысы, жұмысшы топ жетекшісінің орынбасары;

3. Е.Мырзабеков _____ Кентау әкімі аппаратының заң қызметі бөлімшесінің басшысы, жұмысшы топ мүшесі;

4. С.Сабиров _____ Кентау әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аумақтық даму бөлімшесінің басшысы,жұмысшы топ мүшесі;

5. Б.Сариев _____ Кентау қаласы әкімі әкімі аппаратының персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің басшысы,жұмысшы топ мүшесі.

6. С.Ажығабылов _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының заң қызметі бөлімшесінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі;

7. М.Қайратұлы _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының заң мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімшесінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі;

8. А.Аширова _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және терроризмге қарсы іс-қимыл бөлімшесінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі;

9. Р.Сайдуалиева _____ Кентау қалаы әкімі аппаратының өтініштердің қаралуын бақылау және құжаттандыруды қамтамасыз ету бөлімшесінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі;

10. М.Кәрібай _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының әкімшілік және ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің бас инспекторы, жұмысшы топ мүшесі;

11. А.Ербаев _____ Кентау қаласы әкімі аппаратының әкімшілік және ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесінің бас маманы, жұмысшы топ мүшесі;

12. Е.Сапарбайұлы _____ Кентау қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы, жұмысшы топ мүшесі: